

"Театрдың ғажайып әлемі" шығармашылық жобаларының республикалық байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және колледждердің білім алушылары арасында "Театрдың ғажайып әлемі" шығармашылық жобаларының республикалық байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: дарынды, талантты балалар мен жастарды театр өнері арқылы анықтау және қолдау, олардың қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту.

Міндеттері:

- балалар мен жастардың бос және демалыс уақыттарын белсенді ұйымдастырудың мәдени деңгейін көтеру;

- балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және жүзеге асыру;

- балалар мен жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

- балалар мен жастардың қиял және фантазиясын ашу;

- балалар мен жастардың көркемөнер қабілеттерін дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта **2015 жылғы 10 қыркүйек –16 қараша** аралығында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 13 қарашаға** дейін rumcdo.muz@mail.ru электронды поштаға қабылданады. Анықтама телефондары: **8(7172) 249305**.

7. **2015 жылғы 13 қарашадан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

9. Байқауды ұйымдастырушылар жұмыстарды авторға сілтеме жасау арқылы БАҚ және интернет-басылымдарында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банктер немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: "Театрдың ғажайып әлемі" байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **rumcdo.muz@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылғы **16 қарашада** www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

2. Байқау талаптары

12. Байқауға 8-17 жас аралығында балалар келесі жас санаттарында қатыса алады:

8-10 жастағы кіші санат;

11-14 жастағы орташа санат;

15-17 жастағы ересек санаты.

13. Байқауға ұсынылған жұмыстар оның тақырыбына, номинациялар бойынша талаптарға сәйкес болуы тиіс.

14. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

"Менің мектептегі театрым, мен онда - актермін!".

Номинацияға театр қойылымының 5 минуттық бейнежазбасы қабылданады. Ата-аналардың, вокалдық студия педагогтерінің қатысуына болады. Мектеп спектаклі көрінісін немесе қойылым үдерісіндегі ұжымды немесе өзіңізді актер ретінде (костюмдер, эмоциялар, жағдайлар) сонылап, қызықты көрсету қажет. Бейнежазбаны титрлар, әуендер арқылы толықтыруға болады.

"Теңіздің жағасында жасыл емен...".

Бұл номинацияда ертегі сценарийін жазу қажет. Эпикалық, поэтикалық немесе драмалық формадағы ертегі жанрында жазылған жеке немесе ұжымдық жұмыс (педагог жетекшілігімен немесе ата-аналармен бірігіп орындаған балалардың жұмыстары). Жұмыс көлемі 1-3 беттен аспауы тиіс.

"Өз қолыңмен жасалған қуыршақ".

Номинацияға өз қолыңызбен бір қуыршақты жасаңыз. Жұмыс барысының фотосуреттерін немесе 3 минуттан аспайтын бейнежазбасын жасаңыз. Бұл орайда сіз өзіңіздің қуыршақ жасай алатын қабілетіңізді көрсете аласыз. Қуыршақтың көңіл-күйі мен мінезін не қалыптастырады? Әрине, бұл "түйме-көздер" мен "жіп-езу". Қызық, сізде қалай болар екен? Алдымен элементтерді жазықтыққа қойыңыз - формаларды, сызықтарды және бөлшектерді шамалаңыз. Жарқын, шаттық реңктер немесе тынық, жұмыс

барысын көрсететін қуыршақтың түстік гаммасын анықтаңыз. Шығармашылығыңызға сәттілік тілейміз!

"Театр балалар көзімен..."

Бұл номинацияда салған суретіңіздің (декорациялар, костюмдер) фотосы электронды түрде және қысқаша түсініктемесімен қоса қабылданады.

Әр бала өзін театр суретшісі рөлінде сезініп көре алады. Әр спектакль үшін сіз декорациялар, костюмдер жасайсыз. Және де ең қызықты жұмысты фотоға түсіріп бізге жібере аласыз. Бұған бар керегі: қағаз, бояулар, қарындаштар немесе борлар, ең бастысы - қиял. Суреттер кез-келген материалда (картон, ватман, холст немесе электронды түрде, т.б.), кез-келген техникада (түрлі-түсті қарындаштар, майлар, акварель, борлар, инсталляция, графикалық редакторлар және т.б.) орындалуы мүмкін.

15. Байқау жұмысының бас парағын ресімдеу тәртібі. Байқау жұмысының бас парағында келесілер көрсетіледі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- конкурс пен номинацияның атауы;
- автордың аты мен тегі;
- e-mail, байланыс деректері;
- жетекшінің аты, тегі, әкесінің аты;
- жетекшінің лауазымы мен жұмыс орны;
- байқау жұмысын орындау датасы.

16. Байқауды бағалау критерийлері:

- тақырыпты шығармашылық тұрғыда ашу;
- авторлық ұстанымның нақтылығы;
- жұмысты баяндау және ресімдеудің сапасы.

17. Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқаудың қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.